# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 22 ақпан №5265-24-00-2/216 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Л.Н.Калдиеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Шымкент қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
жеке кәсіпкер Орынбасаров Айдос Тулепбердіұлы

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздықты өндіру

**УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

1) Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылғы 3 қаңтар №05 шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған, белгіленген мерзімде тауар жеткізілмеген.

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 22.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.04.2024, судья Калдиева Л. Н., 13.04.2024
5265-24-3-1/141

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

2) АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады).

Сондықтан сот жауапкерден талап қоюшының пайдасына жұмыстарды орындамағаны үшін 12 күнге есептелген 14 160 теңге мөлшерінде тұрақсыздық өндірілуге жатады деп санайды (1 180 000 *0,1%*12).

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына 2 271 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Шымкент қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Орынбасаров Айдос Тулепбердіұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Орынбасаров Айдос Тулепбердіұлынан мемлекеттің пайдасына 14 160 (он төрт мың жүз алпыс) теңге тұрақсыздық төлемі мен 2 271 (екі мың екі жүз жетпіс бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 22.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.04.2024, судья Калдиева Л. Н., 13.04.2024
5265-24-3-1/141

тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

**Судья** **Л.Н.Калдиева**

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 22.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.04.2024, судья Калдиева Л. Н., 13.04.2024

5265-24-3-1/141